«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

№ 20 қазан 2025 жыл
Тараз қаласы

№ 596-Ө
город Тараз

Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші облыстық кезеңін өткізу туралы

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 40, 127 баптарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының 6-бабының 13 тармақшасына, «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ережеге сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың 27-30 қазан күндері аралығында Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші облыстық кезеңі аудандық білім бөлімдерінің бекітілген мектеп базаларында өткізілсін.

2. Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші облыстық кезеңін өткізуде «Дарын РҒПО» олимпиаданы өткізу Ережесі басшылыққа алынсын.

3. Олимпиаданы дайындау және өткізу бойынша жалпы білім беретін пәндердің тізбесі осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес, ұйымдастыру комитетінің құрамы осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, әділқазылар алқасының құрамы осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Аудандық білім бөлімдерінің басшылары Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші облыстық кезеңіне тізімдегі оқушылардың қатысуын қамтамассыз етсін.

5. Жол бойындағы қауіпсіздік іс-шараларын ұйымдастыруды бақылау Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы» КММ директоры Майра Аманқұлқызы Есеналиеваға жүктелсін.

6. Аудандық білім бөлімдерінің басшылары олимпиаданың үшінші облыстық кезеңіне қатысатын мектеп оқушыларының өмірі мен қауіпсіздігіне, денсаулығына қажетті барлық жағдайларды жасасын, іссапар кезінде оларға педагогтардың басшылығын ұйымдастырсын және жергілікті жол полициясы қызметкерлерінің алып жүруін қамтамасыз етсін.

001462

Бланк сериялы нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБылАДы. Қазмет бланкасы жасыл түсімен жасалады, бет шегінен ортасынан НЕ КЕТПЕЙДІ және ІСПІКІ АЛЫНАДЫ
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНО. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве. ЛИНЕЙКИ и УЧЕТЫВАЮТСЯ в установленном порядке

Сканировано с CamScanner

7. Аудандық білім бөлімдерінің басшылары Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші облыстық кезеңінің өткізілуіне байланысты, олимпиада өтетін мектеп базаларында тиісті іс-шараларды ұйымдастырсын.

8. Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша ресубликалық олимпиаданың үшінші облыстық кезеңін ұйымдастыру бекітілген сметаға сәйкес қаржыландыру «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының директоры М.Есеналиеваға жүктелсін.

9. Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші облыстық кезеңін өткізу мақсатында ашықтық пен академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының және облыстық білім басқармасына қарасты білім беру ұйымдары мен Тараз қалалық білім бөліміне қарасты мекемелерінің қызметкерлері осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес іссапарға жіберілсін.

10. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес іссапар барысында қызметкерлердің айлық жалақылары сақталып, іссапар шығындары жұмыс орындарының есебінен төленсін.

11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Л. Кзылкуловаға жүктелсін.

Негіздеме: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 14.10.2025 жылғы №1318/15-11-04 хаты.

Басқарма басшысы **Н. Оршубеков**

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

Сканировано с CamScanner